

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы

«30» мамыр
шешімімен (№7 хаттама)

БЕКІТІЛДІ



**«ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖАҢҒЫРТУ
МЕН ДАМЫТУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НЫҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Астана қ., 2023 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі-Нұсқаулық) сыбайлас жемқорлық бағытындағы іс-қимылдарға не жататынын айқындайды, сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған жағдайда «ТКШ ҚазОрталығы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар минималды талап болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеу ретінде қарастырылмауы керек.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

3. Осы Нұсқаулықта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Пара-мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам** не оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам не лауазымды адам не шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүліктер, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда.

2) **Лауазымды тұлға** - Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның Басқарма төрағасы;

3) **Коммерциялық параға сатып алу** - коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету;

4) **Мүдделер қақтығысы** - лауазымды адамдардың / қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

5) **Сыбайлас жемқорлық-Қоғамның лауазымды адамдарының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы;**

6) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - Қоғамның өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

7) Қызметкер-Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға;

3. Сыбайлас жемқорлыққа бағытталған және коммерциялық параға сатып алудың ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсыныстар.

4. Қызметке жүгінген азаматтар, Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатушылықтарды болдырмау үшін:

1) келіп кетушілер кіретін қызметтік бөлмелерді, жеке заттарды (киім, портфельдер, сөмкелер және т. б.) қараусыз қалдырмау;

2) келіп кетуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, өз бетінше әрекет жасамай, басшылыққа дереу баяндау.

5. Қоғамның лауазымды тұлғасына, қызметкеріне пара ұсынған кезде:

1) пара беру және/немесе коммерциялық параға сатып алу затын қабылдауға дайын немесе үзілді-кесілді бас тарту сияқты болуы мүмкін асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте абайлап, сыпайы, жағымпаздықсыз әрекет ету;

2) Сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдап, есте сақтау (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, пара беру мерзімдері мен тәсілдері, коммерциялық параға сатып алу нысаны, мәселелерді шешу реттілігі);

3) пара беру және/немесе коммерциялық параға сатып алу затын беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімелесуге ауыстыруға тырысу және келесі кездесу үшін Сізге жақсы таныс орынды ұсыну;

4) әңгімені өзіңізге бастамау, көбірек «қабылдауға әрекет ету», әңгімелесушіге «сөйлеуге», сізге мүмкіндігінше көп ақпарат беруге мүмкіндік беру;

5) егер Сіз пара беруге немесе коммерциялық параға сатып алуға келіссеңіз Сіздің мәселенізді шешудің кепілдіктері туралы сұрау;

6) егер Сізде диктофон болса, пара және / немесе коммерциялық параға сатып алу заты туралы ұсынысты жазуға (жасырын) тырысу;

7) осы факті туралы жоғары тұрған басшылыққа қызметтік жазба түрінде баяндау;

8) compliance.officer@zhkh.kz электрондық поштасы бойынша Комплаенс-офицерге жазбаша немесе ауызша немесе телефон арқылы: +7 (7172) 999-449, ішкі 1233; +7 (7172) 999-411, ішкі 1263 хабарласу;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға не 1424 Call-орталығына дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша хабарламамен жүгіну қажет.

6. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы туындаған кезде:

- 1) кез келген ықтимал мүдделер қақтығысынан сақ болу;
- 2) мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігін болдырмау үшін шаралар қабылдау;
- 3) кез келген мүдделер қақтығысы немесе мұндай қақтығыстың туындау мүмкіндігі туралы сізге белгілі болған бойда жазбаша түрде тікелей басшыға хабарлау;
- 4) тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мүдделер қақтығысын еңсеру бойынша шаралар қабылдау;
- 5) мүдделер қақтығысының тарапы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын, ол белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетілгенге дейін және (немесе) мүдделер қақтығысына себеп болған жеңілдіктерден бас тартқанға дейін өзгерту;
- 6) қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды сақтау және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссия құру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдаған кезде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттері

7. Өз қалауыңыз бойынша Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгінуге болады.

8. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық туралы хабарлаудың бір түрі анонимді мәлімдеме болып табылады. Бұл жағдайда мәлімдеуші анонимділікке байланысты жауап ала алмайды, ал қылмыс туралы анонимді мәлімдеменің өзі қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды, мұндай мәлімдемеде дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда.

9. Параны бопсалау жағдайында Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінуіңіз және Сізден пара алу немесе коммерциялық параға сатып алу фактісі туралы өтініш жазуыңыз қажет, онда: точно указать

- 1) лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) Сізден пара алғысы келеді немесе коммерциялық құрылымдардың қайсысы Сізді пара алуға итермелейді;
- 2) бопсаланатын параның (параға сатып алудың) мөлшері мен сипаты қандай;
- 3) қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін Сізден пара алғысы келеді немесе коммерциялық пара беріледі;
- 4) қай уақытта, қай жерде және қалай тікелей пара беру жүзеге асырылуы керек немесе коммерциялық пара беру керек.

10. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары және сыбайлас жемқорлық сипатындағы белгілері бар жағдайлар анықталған және/немесе оларға тап болған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар қызметкерлер Қоғамның COMPLIANCE-офицерін хабардар етуі тиіс: compliance.officer@zhkh.kz электрондық адресі бойынша немесе + 7 (7172) 999-449, ішкі 1233, 1263 телефондары арқылы;

11. Қоғам қызметкері өзінің функционалдық міндеттерін атқарған кезде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық пара беру және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған лауазымды тұлға, қызметкер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

12. Қоғам қызметкерлерінің өз функционалдық міндеттерін орындауы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық пара беруге және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдем көрсететін лауазымды тұлға, қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Қорытынды ережелер

13. Осы Нұсқаулық Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

14. Осы Нұсқаулық Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

15. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.